

**2009 жылы сәуір - маусым, қазан - желтоқсан айларында Талас ауданы бойынша азаматтарды кезекті мерзімді әскери қызметін өтеуге шақыру туралы**

Жамбыл облысы Талас ауданы әкімшілігінің 2009 жылғы 6 мамырдағы N 213 Қаулысы. Жамбыл облысы Талас ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 01 маусымда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 80 болып енгізілді

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

*Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.*

«Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 19 бабының 3 тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 1 тармағының 8) тармақшасына және «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2009 жылдың сәуір - маусымында және қазан - желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 1 сәуірдегі № 779 Жарлығына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі, азаматтарды сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген азаматтарды 2009 жылдың сәуір - маусымында және қазан - желтоқсанында Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін, басқа да әскерлер мен әскери құрамдарды жасақтау үшін мерзімді әскери қызметке шақыру ұйымдастырылсын.

2. Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды және ұйымдастыруды жүргізу үшін келесі құрамда аудандық шақыру комиссиясы құрылсын:

Қарағұлов Ержан Жәдігерұлы	- "Жамбыл облысы Қаратау қаласының Қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы, комиссия төрағасы (келісімі бойынша);
Махамбетов Мырзахан Махамбетұлы	- "Талас ауданы әкімшілігінің ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы, комиссия төрағасының орынбасары;
	Комиссия мүшелері:
Сыдықов Айдар Сыдықұлы	- "Жамбыл облыстық ішкі істер департаментінің Талас аудандық ішкі істер

	істер бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығының орынбасары (келісімі бойынша);
Ормаханов Сәкен Сүйімбекұлы	- "Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасының "Талас аудандық орталық емханасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының хирург-дәрігері, медициналық комиссиясының төрағасы (келісімі бойынша);
Қасымова Нүрилә Керімбайқызы	- "Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы Талас аудандық орталық емханасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының медбикесі, медициналық комиссия хатшысы (келісімі бойынша).

*Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - Талас аудандық әкімдігінің 2009.09.29 № 415 (Қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.*

3. "Жамбыл облыстық ішкі істер департаментінің Талас аудандық ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы Б.А. Бүркітбаевқа (келісімі бойынша) өз құзіреті шегінде әскери міндеттерін өткеруден жалтарып жүргендерді іздеу және оларды ұстау, сонымен қатар әскери бөлімдерге жөнелтілу кезінде қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету ұсынылысын.

4. Осы қаулы Әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап заңды күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан Әкімінің орынбасары Г.Қ. Тұрсынбековаға жүктелсін.

Аудан Әкімі  
"Келісілді"

О. Жиенқұлов

Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасының "Талас аудандық орталық емханасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының бас дәрігері  
М. К. С е р і м о в

6 мамыр 2009 ж.

Жамбыл облысы Қаратау қаласының Қорғанис істері жөніндегі біріктірілген бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы  
Е. Ж. Қ а р а ғ ұ л о в

6 мамыр 2009 ж.

Жамбыл облыстық ішкі істер департаментінің Талас аудандық ішкі істер бөлімі" мемлекеттік

м е к е м е с і                    б а с т ы ғ ы  
Б .                    Б ү р к і т б а е в

6 мамыр 2009 ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК